



ӨОЖ 343.9.07; 328;342.5;351/354  
ХҒТАР 10.17.25; 11.15.45

**Р.Ә. Жақсылықов, М.Е. Әшірбеков**

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы,  
Қосшы қ., Қазақстан Республикасы*

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҰҒЫМЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫН АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Аннотация.** Мақалада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелерінің бірі – сыбайлас жемқорлық ұғымы қарастырылады. Авторлар оның мазмұнын ашу мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық және ұлттық заңнамаға, негізгі ғылыми көзқарастар мен халықаралық стандарттарға терең талдау жүргізген. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасындағы сыбайлас жемқорлық ұғымы халықаралық стандарттарға, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының ережелеріне, Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының ұсынымдарына және заң ғылымындағы қалыптасқан түсінікке толық сәйкес келмейтіні анықталған. Осы олқылықтарды жою және ұлттық құқықтық жүйені жетілдіру мақсатында авторлар жаңа, ғылыми негізделген дефиниция ұсынады. Дефиницияны әзірлеу барысында заң техникасы қағидалары ескерілген. Мақала зерттеу нәтижелері мен нақты ұсыныстарды қамтиды.

**Түйінді сөздер:** ғылыми зерттеу; сыбайлас жемқорлық ұғымы; лауазымды тұлғалар; протекционизм; конвенция; заңнама; халықаралық стандарт; дефиниция.

**Р.А. Жаксылыков, М.Е. Аширбеков**

*Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан,  
г. Косшы, Республика Казахстан*

## **ПРОБЛЕМЫ ОПРЕДЕЛЕНИЯ ПРАВОВОЙ ПРИРОДЫ ПОНЯТИЯ КОРРУПЦИИ В КАЗАХСТАНЕ**

**Аннотация.** В статье рассматривается один из актуальных вопросов противодействия коррупции – понятие коррупции. В целях ее определения авторами проводится углубленный анализ международного и национального законодательства, основных научных подходов и международных стандартов. В результате исследования установлено, что определение коррупции, используемое в национальном законодательстве Республики Казахстан, не полностью соответствует международным стандартам, в т.ч. положениям Конвенции Организации Объединенных Наций против коррупции, рекомендациям Организации экономического сотрудничества и развития и общепринятой концепции в юриспруденции. С целью устранения этих пробелов и совершенствования национальной правовой системы авторы предлагают новую, научно обоснованную дефиницию. При разработке дефиниции учтены принципы юридической техники. Статья содержит результаты исследования и конкретные рекомендации.

**Ключевые слова:** научное исследование; понятие коррупции; должностные лица; протекционизм; конвенция; законодательство; международный стандарт; дефиниция.

**R.A. Zhaxylykov, M.Y. Ashirbekov**

*The Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan,  
Koshy, the Republic of Kazakhstan*

## **PROBLEMS OF DEFINING THE LEGAL NATURE OF THE CONCEPT OF CORRUPTION IN KAZAKHSTAN**

**Abstract.** The article discusses one of the topical issues of combating corruption – the concept of corruption. In order to determine it, the authors conducts an in-depth analysis of international and national legislation, basic scientific approaches and international standards. As a result of the study, it was found that the definition of



corruption used in the national legislation of the Republic of Kazakhstan does not fully comply with international standards, including the provisions of the United Nations Convention against Corruption, the recommendations of the Organization for Economic Cooperation and Development and the generally accepted concept in jurisprudence. In order to eliminate these gaps and improve the national legal system, the authors proposes a new, scientifically based definition. When developing the definition, the principles of legal technique are taken into account. The article contains the results of the study and specific recommendations.

**Keywords:** scientific research; the concept of corruption; public officials; protectionism; convention; legislation; international standard; definition.

DOI: 10.52425/25187252\_2025\_35\_59

*Кіріспе.* Еліміздегі сыбайлас жемқорлықпен күрес бағытындағы жұмыстарды жүйелеп, кешенді жұмыстар атқару мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітіліп, оны іске асыру бойынша іс-қимыл жоспарына сәйкес жауапты мемлекеттік органдар тиісті жұмыстар атқаруда<sup>1</sup>. Дегенмен елімізде қабылданып жатқан жүйелі шараларға қарамастан, Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық деңгейі әлі де жоғары. Мысалы, 2024 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Transparency International халықаралық ұйымы жүргізетін сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексында 40 балл көрсеткішпен 180 елдің арасында 88-орынға ие болды<sup>2</sup>. Бұл зерттеуде 50-ден төмен балл жинаған мемлекеттер жемқорлық деңгейі жоғары болып саналады. Осындай халықаралық ұйымдардың зерттеу нәтижелері еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың ауқымын бейтарап бағалауға және онымен күресудің қаншалықты өзектілігін көрсетеді.

2024 жылы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелері» тақырыбында ведомствоаралық ғылыми зерттеу жүргізді. Ғылыми зерттеу барысында зерделенген негізгі мәселелердің бірі сыбайлас жемқорлық ұғымы. Себебі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелерін зерттеу үшін оған қатысты негізгі ұғымдарды нақтылау қажет.

Сыбайлас жемқорлық мәселелеріне қатысты құқықтану, экономика, философияның түрлі салаларында көптеген ғылыми зерттеулер жүргізіліп, халықаралық конвенциялар қабылданғанымен ол ұғымның бірыңғай қабылданған анықтамасы жоқ. Сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету бойынша азаматтық қоғаммен бірлесіп жүргізілетін мемлекет жұмысының тиімділігі күресу межеленген құбылыстың мәнін айқындауға тікелей байланысты. Ғылыми әдебиетте сыбайлас жемқорлықты жеке мүддесі үшін жасалған лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану ретінде қарастырады. Дегенмен құқықтануда сыбайлас жемқорлық ұғымының мәнін сипаттайтын жалпыға бірдей танылған бірыңғай және нақты анықтама жоқ. Бұған сыбайлас жемқорлықтың ұғымын, оның анықтамасын түсіндіру мәселелеріне арналған көптеген ғылыми еңбектер дәлел.

*Материалдар мен әдістер.* Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінің табиғаты мен элементтерін анықтау үшін зерттеудің жүйелі әдісі, формальды логиканың жалпы ғылыми әдістері индукция, дедукция, талдау, синтез қолданылды. Зерттеу барысында осы тақырыпқа қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері, халықаралық ұйымдардың Қазақстанға қатысты зерттеулері, Біріккен Ұлттар Ұйымының және Еуропа Кеңесінің сыбайлас жемқорлыққа қатысты халықаралық конвенциялары, ұлттық және халықаралық заңнамалар зерделенді.

*Талқылау.* «Сыбайлас жемқорлық» терминінің этимологиясы шенеуніктер мен

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 ж. 2 ақпандағы № 802 Жарлығы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000802> (жүгінген күні: 26.08.2024).

<sup>2</sup> Corruption Perceptions Index [Electronic resource] – Access mode: <https://www.transparency.org/en/countries/kazakhstan> (Access date: 26.08.2024).



қоғам қайраткерлерінің бүлінуін, пара алуын және сатқындығын білдіретін латын тілінің «corruptio» сөзінен шыққан<sup>3</sup>. Рим құқығында «сыбайлас жемқорлық» сот процесінің қалыпты барысын бұзуға немесе қоғамды басқаруға байланысты қатынастарға бағытталған заңсыз әрекеттер ретінде түсіндіріледі [1, 9 б.].

Осы тақырыпты зерттеп жүрген ғалымдар сыбайлас жемқорлықтың анықтамасын, оның табиғатын әр-түрлі сипаттайды. Мысалы, отандық ғалымдар С.М. Рахметов пен И.Ш. Борчашвили сыбайлас жемқорлықты мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген, оларға теңестірілген оның ішінде шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың лауазымды тұлғаларының өздеріне және басқаларға пайда мен артықшылықтар алу үшін қызметтік жағдайын теріс пайдалануы ретінде түсіндіреді [2, 37 б.]. А.Н. Ағыбаев сыбайлас жемқорлықты «ақ жағалы» қылмыстың бір түрі деп санайды. Оның пікірінше, сыбайлас жемқорлық жасырын, көбінесе күрделілігімен және үлкен залал келтірумен ерекшеленеді [3, 3 б.].

Сыбайлас жемқорлық түсінігіне ресейлік ғалымдар да осыған ұқсас анықтамалар берген. Мысалы, А.И. Долгова сыбайлас жемқорлықты мемлекеттік және басқа да қызметшілердің өздерінің қызметтік өкілеттіктерін жеке және өзге адамдардың мүдделеріне пайдалану арқылы пара беруі және сатылуымен сипатталатын әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырады [4, 501 б.]. Осылайша аталған ғалымдар сыбайлас жемқорлықтың болмысын объективті түрде сипаттап, әлеуметтік күрделі құбылыс ретінде оның мәнін барынша ашуға тырысқан.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларды қамтитын алғашқы халықаралық құжат ретінде 1979 жылғы 17 желтоқсандағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 34/169 қарарымен қабылданған Құқықтық тәртіпті сақтау жөніндегі лауазымды тұлғалардың мінез-

құлық кодексін атауға болады. Аталған кодекс 7-бабының түсініктемесінің b тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық ұғымы ұлттық заңға сәйкес анықталғанымен, ол қызметтік міндеттерді орындау кезінде немесе қызметімен байланысты белгілі бір әрекетті жасағаны немесе жасамағаны үшін сыйлықтар, уәделер немесе ынталандыруларды қабылдау, талап етуді қамтуы тиіс екені атап көрсетілген<sup>4</sup>. Осылайша, сыбайлас жемқорлық түсінігі туралы алғашқы халықаралық-құқықтық анықтама бұл құқық бұзушылықты тек лауазымды тұлғаның парақорлығымен байланыстырады. Пара беру нысаны ретінде материалдық заттар мен мүліктік емес тауарлар қарастырылады.

БҰҰ-ның кейінгі құжаттарында сыбайлас жемқорлық ұғымына кеңірек түсінік берілген. Бұл билік өкілеттіктері берілген адамдарға пара беру, сатып алуға емес, сонымен қатар кез-келген заңсыз пайда табу мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану деп түсіндіріледі. Бұл ретте халықаралық нормативтік құқықтық актілердің көпшілігінде сыбайлас жемқорлық ұғымының анықтамасы жоқ екенін атап өту қажет. Алайда кейбір халықаралық ұйымдар оған мүше мемлекеттердің қандай құқықбұзушылық түрлерін сыбайлас жемқорлық санатындағы қылмыс деп тануы қажеттігін өз құқықтық актілерінде көрсеткен.

Осындай құжаттардың бірі 2003 жылғы 31 қазанда қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы<sup>5</sup>. Бұл Конвенцияның III тарауында қатысушы мемлекеттер қандай әрекеттерді өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес қылмыс деп тануы тиістігі көрсетілген. Конвенция сыбайлас жемқорлықты лауазымды адамның пара алуымен ғана шектемей, оған жататын әрекеттердің толық тізбесін береді. Бұл халықаралық құжат сыбайлас жемқорлық субъектісі ретінде мемлекеттік билік органдарының және жеке

<sup>3</sup> Малый академический словарь [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://gufo.me/dict/mas/%D0%BA%D0%BE%D1%80%D1%80%D1%83%D0%BF%D1%86%D0%B8%D1%8F> (дата обращения: 01.08.2024).

<sup>4</sup> Code of Conduct for Law Enforcement Officials // General Assembly resolution 34/169. 17 December 1979 [Electronic resource] – Access mode: <https://www.ohchr.org/en/instruments-mechanisms/instruments/code-conduct-law-enforcement-officials> (Access date: 06.11.2024).

<sup>5</sup> United Nations Convention against Corruption // United Nations. New York, 2004. – 56 p. [Electronic resource] – Access mode: [https://www.unodc.org/documents/brussels/UN\\_Convention\\_Against\\_Corruption.pdf](https://www.unodc.org/documents/brussels/UN_Convention_Against_Corruption.pdf) (Access date: 23.05.2024).



сектор саласында пара алатын және пара беретін тараптарды (пассивті және белсенді пара беру) бөледі.

2000 жылғы 15 қарашадағы Бас Ассамблеяның 55/25 қарарымен қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы Конвенциясында да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың тізбесі бекітілген<sup>6</sup>.

Еуропа Кеңесі қабылдаған халықаралық құқықтық құжаттар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында үлкен маңызға ие. Осы саладағы негізгі нормативтік құқықтық құжаттардың бірі – 1999 жылы қабылданған Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы конвенция<sup>7</sup>. Көптеген халықаралық нормативтік құқықтық актілер сияқты, аталған Конвенцияда сыбайлас жемқорлықтың анықтамасы жоқ, алайда сыбайлас жемқорлық ұғымы Конвенцияның II тарауында баяндалады. Конвенция сыбайлас жемқорлық туралы тар мағынадағы түсінік береді, оны мемлекеттік шенеуніктерге, халықаралық ұйымдардың қызметкерлеріне, шетелдік шенеуніктерге және коммерциялық ұйымдарда басқару функцияларын жүзеге асыратын адамдарға пара беру-сату ретінде анықтайды.

Жоғарыда аталған Конвенциямен бір мезгілде Еуропа Кеңесі Сыбайлас жемқорлық үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік туралы Конвенция қабылдады. Конвенцияның 2-бабында сыбайлас жемқорлық ұғымы «пара алушыдан талап етілетін кез келген міндеттің немесе мінез-құлықтың қалыпты орындалуын бұрмалайтын, параны немесе кез келген басқа да тиісінше емес артықшылықты немесе перспективаны тікелей немесе жанама түрде сұрау, ұсыну, беру және алу» деп айқындалады<sup>8</sup>. Бұл анықтамада сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектісі туралы түсінік жоқ.

Алайда Конвенцияның ережелеріне сүйене отырып, мемлекеттік басқару саласындағы қызметшілер, халықаралық ұйымдар мен жеке сектордың қызметкерлері сыбайлас жемқорлық субъектілері болып табылады деуге болады.

«Transparency International» халықаралық ұйымының анықтамасы бойынша «сыбайлас жемқорлық – сеніп тапсырылған билікті жеке пайда үшін теріс пайдалану» деп түсініледі<sup>9</sup>. Біздің пікірімізше, бұл сыбайлас жемқорлық құбылысының мәдени, экономикалық немесе саяси ерекшеліктеріне қарамастан, оны әмбебап және әртүрлі контексттерде қолдануға болатын негізгі аспектілерін қамтитын ең дәл анықтама болып табылады.

Құқықтық мағынада сыбайлас жемқорлық Қазақстан заңнамасында көзделген құқық бұзушылықтар құрамдарының жиынтығы ретінде қарастырылады. Күші жойылған 1998 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 2-бабында «мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады» деп анықтама берілген<sup>10</sup>. Осы баптың 2-тармағында «аталған Заңда, сондай-ақ өзге заңдарда белгіленген тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлық

<sup>6</sup> United Nations Convention Against Transnational Organized Crime and the Protocols Thereto // United Nations. New York, 2004. – 67 p. [Electronic resource] – Access mode: [https://www.unodc.org/documents/middleeastandnorthafrica/organised-crime/UNITED\\_NATIONS\\_CONVENTION\\_AGAINST\\_TRANSNATIONAL\\_ORGANIZED\\_CRIME\\_AND\\_THE\\_PROTOCOLS\\_THERETO.pdf](https://www.unodc.org/documents/middleeastandnorthafrica/organised-crime/UNITED_NATIONS_CONVENTION_AGAINST_TRANSNATIONAL_ORGANIZED_CRIME_AND_THE_PROTOCOLS_THERETO.pdf) (Access date: 23.05.2024).

<sup>7</sup> Criminal Law Convention on Corruption. Strasbourg, 27.I.1999 // Council of Europe [Electronic resource] – Access mode: <https://rm.coe.int/168007f3f5> (Access date: 23.05.2024).

<sup>8</sup> Civil Law Convention on Corruption. Strasbourg, 4.XI.1999 // Council of Europe [Electronic resource] – Access mode: <https://rm.coe.int/168007f3f6> (Access date: 23.05.2024).

<sup>9</sup> What is corruption? // Transparency International [Electronic resource] – Access mode: <https://www.transparency.org/en/what-is-corruption> (Access date: 27.08.2024).

<sup>10</sup> Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы (Күшін жойған): Қазақстан Республикасының 1998 ж. 2 шілдедегі № 267 [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000267\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000267_) (жүгінген күні: 19.08.2024).



үшін жағдай туғызатын әрекеттер сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар болып табылатыны» белгіленген<sup>11</sup>.

Бұл заңнан кейін 2015 жылғы 18 қарашада қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 1-бабында «сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу» ретінде айқындалған<sup>12</sup>. Осы заңда «сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік)» ретінде көрсетілген<sup>13</sup>. Өз кезегінде Қылмыстық кодекспен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте сыбайлас жемқорлық қылмыстарға жататын баптардың тізбесі және әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі жеке тарау қарастырылған.

Екі заңды салыстырудан көрініп тұрғандай «сыбайлас жемқорлық» және «сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық» дефинициялары қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамада толығымен өзгерген. Қолданыстағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»

Қазақстан Республикасының Заңында баяндалған сыбайлас жемқорлық дефинициясындағы жаңалықтардың бірі дәстүрлі мүліктік игіліктер мен артықшылықтармен бірге «мүліктік емес игіліктер» түріндегі сыбайлас жемқорлықтың жаңа нысанасының пайда болуы болып табылады. Алайда аталған Заңда да, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында да «мүліктік емес игіліктер» ұғымына түсініктеме берілмеген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 366-бабында пара нысанасы ретінде ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік және мүлікке құқық түріндегі мүліктік сипаттағы пайда мен артықшылықтар ғана қарастырылады<sup>14</sup>. «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 Нормативтік қаулысына сәйкес «ақша, бағалы қағаздар, материалдық құндылықтар, мүлікке құқық, сондай-ақ мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету, оның ішінде мүліктік міндеттемелерден босату пара нысанасы болуы мүмкін»<sup>15</sup>.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Стамбул іс-қимыл жоспары шеңберінде Қазақстанда мониторингтің 4-раундын өткізген Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының (бұдан әрі – ЭЫДҰ) халықаралық сарапшыларының пікірінше халықаралық стандарттар бойынша параны айқындау ақшамен байланысты емес материалдық емес болып табылатын игіліктерді де қамтуы тиіс<sup>16</sup>. Сондықтан БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының 3-тарауында көрсетілген сыбайлас жемқорлық қылмыстардың барлық негізгі құрамдарында қылмыстың мәні ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке құқық немесе мүліктік сипаттағы пайда

<sup>11</sup> Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы (Күшін жойған): Қазақстан Республикасының 1998 ж. 2 шілдедегі № 267 [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000267\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000267_) (жүгінген күні: 19.08.2024).

<sup>12</sup> Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы: Қазақстан Республикасының Заңы 2015 ж. 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410> (жүгінген күні: 19.08.2024).

<sup>13</sup> Сол жерде.

<sup>14</sup> Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 ж. 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (жүгінген күні: 22.08.2024).

<sup>15</sup> Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы: 2015 ж. 27 қарашадағы № 8 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000008S> (жүгінген күні: 22.08.2024).

<sup>16</sup> Антикоррупционные реформы в Казахстане // OECD [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://www.oecd.org/rupublications/5b9e5dbc-ru.html> (дата обращения: 22.08.2024).



түріндегі тізбе арқылы айқындалмайды, бірақ кеңінен «заңсыз артықшылық» ретінде тұжырымдалады. Осыған байланысты Стамбул сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары Қазақстанға Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіндегі пара ұғымын анықтап, сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың нысанасы мүлдітік, сондай-ақ кез келген басқа (материалдық емес) игіліктер болуы мүмкін екенін анықтауды ұсынған.

Осыған дейін 1998 жылғы 2 шілдедегі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызметке кірісу және жоғарылату кезінде заңда көзделмеген артықшылықтар (протекционизм, непотизм) беру сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын құқық бұзушылықтардың бір түрі болып саналған және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық ретінде тәртіптік жазамен жазаланған.

Заң ғылымында, оның ішінде криминологияда фаворитизм, непотизм, протекционизм, қоғамдық ресурстар мен қорларды заңсыз бөлу және қайта бөлу, қоғамдық ресурстарға қол жеткізу үшін жеке байланыстарды пайдалану және т.б. сыбайлас жемқорлықтың нақты нысандарына (көріністеріне) жатады [5, 171 б.]. Алайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың аталған түрі жоқ. Заңнан протекционизм, мемлекеттік қызметке кіру және жоғарылату кезіндегі отбасы және басқа да (заңсыз сыйлық, сыйақы алу және т.б.) айқын құқық бұзушылықтар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар санатынан алынып, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚР Заңының 50-бабына сәйкес мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар санатына ауыстырылған<sup>17</sup>.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық тәжірибені талдау

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың кез келген нысаны мен көріністерін криминализациялау үрдісін байқатты. ЭЫДҰ халықаралық сарапшыларының пікірінше, қылмыстық-құқықтық санкциялар сыбайлас жемқорлық сияқты ауыр құқық бұзушылық үшін қажетті тежеу мен жазаны қамтамасыз етеді. Қылмыстық құқық пен процесс бірқатар тергеу амалдарының көмегімен сыбайлас жемқорлықты анықтаудың және қылмыстық қудалаудың неғұрлым тиімді тәсілдерін қамтамасыз етеді. Сондықтан парақорлыққа және басқа да айқын сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтарға қылмыстық санкциялардан бөлек жеңіл әкімшілік жауаптылықтың болуы Стамбул іс-қимыл жоспары шеңберіндегі мониторинг барысында сынға ұшырады. Халықаралық стандарттар бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың көріністеріне осындай қатаң ұстанымды ескеріп, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жекелеген, оның ішінде айқын түрлерін ұлттық заңнамадан алып тастау негізсіз және сыбайлас жемқорлықтың табиғаты туралы жалпы қабылданған түсінікке сәйкес келмейді деп санаймыз. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық заңнамаға тиісті өзгерістер енгізу арқылы жоғарыда аталған протекционизм және басқа да заңсыз сыйлық, сыйақы алумен байланысты тәртіптік теріс қылықтарды сыбайлас жемқорлық санатындағы құқық бұзушылықтар деп тану қажет.

Табиғаты сыбайлас жемқорлық болып табылатын құқықбұзушылықтарды заңнамада айқындау, елдегі сыбайлас жемқорлық деңгейінің шынайы көрінісін анықтауға және онымен күресті күшейтуге ықпал етеді.

Қолданыстағы сыбайлас жемқорлық дефинициясының тағы бір кемшілігі-шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды тұлғалары сыбайлас жемқорлық субъектілері ретінде көрсетілмеген. «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 нормативтік

<sup>17</sup> Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы: Қазақстан Республикасының Заңы 2015 ж. 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416> (жүгінген күні: 26.08.2024).



қаулысына сәйкес «ҚК-нің 3-бабының 16), 19), 26), 27) және 28) тармақтарында көрсетілген адамдар және шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамдары сыбайлас жемқорлық қылмыстар субъектілері болып табылады»<sup>18</sup>. Алайда аталған тұлғалар сыбайлас жемқорлықтың заңнамалық анықтамасына кірмеген. Бұл, біздің ойымызша, заң шығарушы тарапынан елеулі кемшілік болып табылады, себебі онда шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамдарынан басқа сыбайлас жемқорлық қылмыстарының барлық субъектілері тізімделген.

**Қорытынды.** Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасындағы сыбайлас жемқорлықтың ұғымы халықаралық стандарттар мен негізгі ғылыми көзқарастарға ішінара сәйкес келмейді деген қорытынды жасауға болады. Халықаралық конвенциялар мен шетелдік заңнаманы талдау көрсеткендей, сыбайлас жемқорлықтың әмбебап анықтамасы жоқ. Дегенмен дефиниция сыбайлас жемқорлықтың ең маңызды белгілерін ғана көрсетіп, құқықтық терминдер дәл және түсінікті болуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлық түсінігін ұлттық заңнамада дұрыс айқындау онымен күрестің тиімділігін арттыруға тікелей әсер етеді. Жоғарыда аталған ведомствоаралық ғылыми зерттеудің нәтижесінде құқықтық табиғаты сыбайлас жемқорлық сипатындағы жекелеген құқықбұзушылықтарды мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар деп өзгерту құқық қорғау органдарының дәл сол құқықбұзушылық түрлерін анықтау көрсеткіштерін күрт төмендеткенін көрсетті [6, 67 б.]. Сондықтан халықаралық және

шетелдік заңнаманы талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлықтың мынадай дефинициясын ұсынамыз. «Сыбайлас жемқорлық – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілерінің өздері не үшінші тұлғалар үшін пайда табу (мүліктік және мүліктік емес) мақсатында өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді заңсыз пайдалануы, сондай-ақ осы тұлғаларға пара беру және осы іс-әрекеттерде делдалдық ету».

Аталған дефиницияны әзірлеу барысында сыбайлас жемқорлық деп халықаралық құжаттар мен негізгі ғылыми көзқарастар бойынша құқық бұзушылық субъектілерінің өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін пайдакүнемдік мақсатта заңсыз пайдалануы және мұндай адамдарға жеке немесе заңды тұлғалардың пара беруі түсінілетіні ескерілді. Жаңа дефиниция қолданыстағы заңнамадағы анықтамаға қарағанда заң техникасы тұрғысынан түсінікті, ықшам және әмбебап. Бұл анықтамада сыбайлас жемқорлық субъектілерін дефиницияда тізбектемей, субъектілер ұғымын сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық заңнамада бөлек көрсетуге, оның құрамын қажеттілігіне қарай тиімді өзгертуге, кеңейтуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған құқықбұзушылық түрлерін (тәртіптік теріс қылықтарды) сыбайлас жемқорлық деп тану және ол құбылыстың заңнамалық анықтамасын барынша ұғынықты қылып белгілеу Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлық ұғымын халықаралық стандарттарға сәйкес кеңейтуге, оған барынша сәйкестендіруге ықпал етеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Бисенғали, Л. Основные вопросы противодействия коррупции: учебно-методическое пособие / Л. Бисенғали, А.А. Базилова. – Алматы, 2014. – 110 с.
2. Рахметов, С.М. Уголовно-правовые меры борьбы с коррупцией: монография / С.М. Рахметов, И.Ш. Борчашвили. – Астана: «АртPrintXXI», 2012. – 364 с.
3. Агыбаев, А.Н. Уголовно-правовые и криминологические меры борьбы с коррупцией: учебное пособие / А.Н. Агыбаев. – Алматы, 2003. – 126 с.
4. Криминология: учебник для вузов; под общ. ред. А.И. Долговой. – М., 2001. – 784 с.
5. Криминология. – Коллектив авторов; под ред. Рогова И.И., Балтабаева К.Ж. – Алматы:

<sup>18</sup> Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы: 2015 ж. 27 қарашадағы № 8 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000008S> (жүгінген күні: 22.08.2024).



ТОО «Издательство «Норма-К», 2004. – 336 с.

6. Тусупов, К.К. Роль дисциплинарной ответственности в предотвращении и предупреждении коррупции: анализ и предложения / К.К. Тусупов // Вестник Академии правоохранительных органов. – 2024. – № 4 (34). – С. 63-69.

#### References:

1. Bisenfali, L. Osnovnye voprosy protivodejstviya korrupcii: uchebno-metodicheskoe posobie / L. Bisenfali, A.A. Bazilova. – Almaty, 2014. – 110 s.

2. Rahmetov, S.M. Ugolovno-pravovye mery bor'by s korrupciej: monografija / S.M. Rahmetov, I.Sh. Borchashvili. – Astana: «ArtPrintXXI», 2012. – 364 s.

3. Agybaev, A.N. Ugolovno-pravovye i kriminologicheskie mery bor'by s korrupciej: uchebnoe posobie / A.N. Agybaev. – Almaty, 2003. – 126 s.

4. Kriminologija: uchebnik dlja vuzov; pod obshh. red. A.I. Dolgovej. – M., 2001. – 784 s.

5. Kriminologija. – Kollektiv avtorov; pod red. Rogova I.I., Baltabaeva K.Zh. – Almaty: TOO «Izdatel'stvo «Norma-K», 2004. – 336 s.

6. Tusupov, K.K. Rol' disciplinarnoj otvetstvennosti v predotvrashhenii i preduprezhdenii korrupcii: analiz i predlozhenija / K.K. Tusupov // Vestnik Akademii pravoohranitel'nyh organov. – 2024. – № 4 (34). – S. 63-69.

#### **АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT AUTHORS**

**Руслан Әділбекұлы Жақсылықов** – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Ведомствоаралық ғылыми-зерттеу институтының қоғамдық мүдделерді қорғау саласындағы проблемаларды зерттеу орталығының бас ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының магистрі, e-mail: rus.zhaxylykov@gmail.com.

**Жаксылыков Руслан Адилбекович** – главный научный сотрудник Центра исследования проблем в сфере защиты общественных интересов Межведомственного научно-исследовательского института Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, магистр юридических наук, e-mail: rus.zhaxylykov@gmail.com.

**Zhaxylykov Ruslan Adilbekovich** – Chief Researcher at the Center for the Study of Problems in the Field of Protection of Public Interests of the Interdepartmental Research Institute of the Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, Master of Law, e-mail: rus.zhaxylykov@gmail.com.

**Марат Еркінұлы Әшірбеков** – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Ведомствоаралық ғылыми-зерттеу институтының Қоғамдық мүдделерді қорғау саласындағы проблемаларды зерттеу орталығының бас ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының магистрі, e-mail: marat.kz08@mail.ru.

**Аширбеков Марат Еркенович** – главный научный сотрудник Центра исследования проблем в сфере защиты общественных интересов Межведомственного научно-исследовательского института Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, магистр юридических наук, e-mail: marat.kz08@mail.ru.

**Ashirbekov Marat Yerkenovich** – Chief Researcher at the Center for the Study of Problems in the Field of Protection of Public Interests of the Interdepartmental Research Institute of the the Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, Master of Law, e-mail: marat.kz08@mail.ru.